



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Польша Президенті Анджей Дудаға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Анджей Дуданы Польша Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент жеделхатында Қазақстан мен Польша арасындағы байланыстың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, өзара ықпалдастық екі елдің игілігі үшін одан әрі нығая беретініне сенім білдірген.

Қасым-Жомарт Тоқаев Анджей Дуда мен Польша халқына құт-береке тіледі.

ПРЕЗИДЕНТ БАКУГЕ БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ конференциясы аясында өтетін Дүниежүзілік климат саммитіне қатысу үшін Бакуге жұмыс сапарымен келді.

Президент сапар барысында мемлекеттер басшыларымен, халықаралық ұйымдардың жетекшілерімен және бизнес-құрылым өкілдерімен бірқатар кездесу өткізеді.



САЙЫПҚЫРАН

САМБОШЫЛАР САЙЫСЫ

8-10 қарашада елордамызда самбодан әлем чемпионаты өтті. Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында өткен турнир 80 елден 470 спортшының басын қосты. Қазақстан атынан 28 спортшы қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатына Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев қатысып, сайысқа түсетін саңлақтарға сәттілік тіледі.

«Елордамызда ұйымдастырылып жатқан бұл жолғы әлем біріншілігінің мәні зор. Өйткені жаһандық чемпионат Қазақстанда 19 жылдық үзілістен кейін өткізіліп отыр. Дәл осындай тарихи сәттің қазақ топырағында болғаны біз үшін үлкен мәртебе. Бір жағынан әлем чемпионатының Қазақ-

станда ұйымдастырылуы заңдылық деп ойлаймын. Себебі біздің елде самбонь мықты мектебі қалыптасқан. Осы әлем чемпионаты жастардың самбоға деген қызығушылығын одан әрі арттырады деп сенемін. Спортшылар жанкүйер қауымға тартысты жекпе-жектер сыйлап, тек мықтылар жеңіске жетуіне тілектеспін», — деді Серік Жарасбаев.

→ 8



ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНСЫҢ БА?

«Қыс арбанды, жаз шанаңды сайла». Расында, халық арасындағы осы бір сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Қоңыр күздің маусымы аяқталып, бірер күннен кейін қылышын сүйреп қыс мезгілі кіруге де таяу қалды. «Қамдансаң қапы қалмайсың» демекші, күз айлары – билік өкілдері мен қалың бұқара үшін қысқа дайындықтың қамына кірісетін кезең.

→ 7



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ОҚУЛЫҚ МАЗМҰНЫ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Кітап – білім бұлағы. Оқушы зейінін ашатын да кітап. Талапты оқушының білім деңгейі тікелей оқулықтың сапасына байланысты екені анық. Білім саласындағы өзекті тақырыптардың бірі – мектеп оқулықтарының құрылымы мен мазмұн сапасы.



→ 6

САЛА РЕТТЕЛСЕ, САНА ДА ТҮЗЕЛЕДІ

«AMANAT» партиясы психологиялық көмек туралы заң жобасын әзірлеу жолында маңызды қадамдарды жүзеге асырып келеді. Мәселен, 2023 жылдың желтоқсанында партияның Әйелдер қанаты бас қосып, осы тақырыптың өзектілігін терең талқылады.



→ 4-5

БАСПАСӨЗ-2025



AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



12 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



ӘСКЕРИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 14 қарашада өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және палатаның осы аптадағы іс-шаралар жоспарын пысықтады.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар мемлекетінің Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Келісім әскери білім беру, әскери қызметшілерді даярлау, әскери медицина, әскери ғылым, мәдени және спорттық іс-шаралар, бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларға, жауынгерлік даярылыққа, сондай-ақ өзге де бағыттарға байланысты мәселелер бойынша консультация саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға арналған.

Сонымен қатар заң нормалары әскери ынтымақтастық саласы мен нысандарын айқындауды, Тараптардың әскери ынтымақтастығын үйлестіру жөніндегі өзара іс-қимыл тетігін белгілеуді, әскери мүлік транзиті, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру, әуекеңістігі мен әскери полигондарды пайдалану, тілдік даярлық жүргізу мәселелерін де реттеуді көздейді. Одан бөлек, бюро отырысында бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТЫЛДЫ

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасының арқасында 49 мыңға жуық азамат тұрғын үй жағдайын жақсартты. Бұл туралы Мәжіліс депутаттарының сауалына Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың жауабында айтылған.



«Елдің барлық өңірінде, оның ішінде шалғайдағы өңірлерде халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін мемлекет бірқатар тиісті шаралар қабылдауда. Атап айтқанда, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында ауылдарда, оның ішінде шалғай аудандарда жұмыс істейтін мамандар (дәрігерлер, педагогтер, мемлекеттік қызметшілер, инженерлер және тағы басқа) жылдық 0,01 пайыздық мөлшерлемесмен жеңілдікті кредит ала алады. Бүгінде аталған бағдарлама аясында 49 мыңға жуық азамат өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартты», – деді Роман Скляр жауабында.

Оның дерегіне, «Отбасы банк» АҚ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2017 жылдан бастап жеңілдетілген ипотекалық кредиттеудің өңірлік бағдарламаларын іске асырып жатыр. Олар бойынша бүгінде 9,8 мыңға жуық азамат жеке тұрғын үй сатып алды.

Сондай-ақ «Отбасы банк» АҚ ауылдық жерлердің және аудан орталығы тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында осы жылдың маусым айынан бастап, «Асыл мекен» бағдарламасын іске қосты. Оның аясында салымшылар бастапқы жарнасы 10 пайыз болатын жылдық 5 пайыздық жеңілдетілген ипотека ала алады. Бағдарлама іске қосылған сәттен бастап банк салымшыларына 1,3 млрд теңгеге несие берілді. – «Отау» және «Наурыз» бағдарламалары аясында ауылдарда және аудан орталықтарында тұрғын үй сатып алатын азаматтарға салынып жатқан тұрғын үй болмаған жағдайда екінші нарықта тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі берілетінін атап өту қажет. Сонымен қатар банк жүйе құраушы кәсіпорындармен бірлесіп өңірлерде олардың қызметкерлерін тұрғын үй бойынша қолдау көрсетуге бағытталған өңірлік корпоративтік бағдарламаларды іске асыруда, – деді бірінші вице-премьер.

ЕРКІН БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАЛЫПТАСАДЫ

Елімізде импортты алмастыру және бәсекелестікті арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша пәрменді шаралар қабылданып келеді.



АӨК-ті жеңілдікпен қаржыландыру көлемі өсіп, субсидиялау жүйесі реформалануда, ауыл шаруашылығы техникасы өндірісі мен лизинг көлемі артып келеді. Мұның барлығы өз нәтижесін беріп, Қазақстан бүгінде ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз етуге күш салып қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдері экспортын арттыруға ұмтылуда.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (КТЖ) деректері бойынша елімізде жыл басынан бері астық экспортының өсуі тіркелді, бұл ретте жана тасымалдау бағыттары игерілуде. Атап айтқанда, арпа, жасымық және жүгері тасымалы бірнеше есеге артқаны байқалады.

«Қазақстандық арпаны Иран соңғы екі айда сегіз есе өсіммен қайта импорттай бастады. 10 айда арпа экспорттық тасымалы 710 мың тоннаны құрап, 69%-ға өсті», – деп хабарлады КТЖ баспасөз қызметі.

Жүгері дәнінің экспорты биыл 1,5 есе өсіп, 117 мың тоннаны құрады. Тәжікстанға тасымалдау 38%-ға, Өзбекстанға тасымалдау 3 еседен астамға өсті. Сондай-ақ биыл Иранға жүгері дәнін тасымалдау басталды. Жасымық экспорты 7 есеге артып, 80 мың тоннаға жетті, басым бөлігі Еуропа елдеріне жіберілді.

КТЖ мәліметінше, бұршақ тасымалы үш есеге артты. Қазақстаннан Ауғанстанға импорт көлемі екі есе, Өзбекстанға үш есе өсті. Сондай-ақ күріш өндірушілер Өзбекбайжан мен Беларусь жаңа нарықтарын игеру арқылы экспортты +47%-ға (52 мың тонна) арттырды.

Сонымен қатар 2024–2025 маркетинг жылында Қазақстан Қытайға май өнімдерін экспорттау бойынша рекорд жаңартып, 250\$ млн көрсеткішіне жеткізуді көздеп отыр.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛЫ

Жылда еңбек нарығына 250 мыңға тарта жас маман келеді. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлім етті.

«Жастар жұмыссыздығы мәселесін шешу үшін Қазақстанда жұмысқа орналастырудың белсенді іс-шаралары да жүзеге асырылып жатыр. 2024 жылғы 1 қазанындағы жағдай бойынша аймақтық жұмыспен қамту органы саналатын мансап орталықтарына 376 мың адам жүгінді, олардың 226 мыңы түрлі мемлекеттік қолдау түрлерін алды (оның ішінде жастардың үлесі – 180 мың адам). Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқу ұйымдарында кәсіби оқыту аясында 2,6 мың адам оқудан өтті, олардың 1,5 мыңы оқуды аяқтап, 1,2 мыңы жұмысқа орнала-



стырылды. Сонымен қатар Еңбек ресурстарын дамытуда бүкіл халық үшін оқытудың цифрлық нысандарына баса назар аударылды. 2021 жылдың шілдесінен бастап еңбек нарығында сұранысы бар бағыттар бойынша онлайн режимде қысқамерзімді оқы-

тудың бірінғай порталы іске қосылды (<https://skills.enbek.kz>), – деп аталып өткен министрлік ақпаратында. Skills Enbek платформасында ТЖКБ ұйымдары мен жоғары оқу орындарына микроквалификацияларды тану және WorldSkills алаңдарын

дамыту үшін курстарды орналастыру мүмкіндігі беріліп отыр.

«Қазір бұл порталда 364 дағды бойынша 141 автордан 615 онлайн курс орналастырылған, оның 278-і халық үшін тегін. Одан бөлек, жұмыс берушілердің жұмыс орнында кәсіби оқытуына 653 адам қатысты, оқуды аяқтағаннан кейін 385 адам жұмысқа орналастырылды. 3,5 мың жас өз бизнесін дамыту үшін грант алды. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы 106 мың адам жұмыс тауып, бос жұмыс орындарына орналасты. Әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламаларына 5 мың адам, жастар практикасына – 1,8 мың адам, қоғамдық жұмыстарға – 27 мың адам қатысты. Бұл іс-шаралар жастарға алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға және еңбек нарығына бейімделуге көмектеседі, олардың ел экономикасына интеграциялануына ықпал етеді», – делінген министрлік хабарламасында.

ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІ БӘСЕҢДЕП БАРАДЫ

2019-2023-жылдары Қазақстан тұрақты және айтарлықтай халық санының өсуін көрсетті.

2019 жылдың соңында халық саны 18 630 920 адамды құрады. 2023 жылдың соңында бұл көрсеткіш 20 033 842 адамға жетті. Бес жыл ішінде өсім 1,4 миллионнан астам адамды құрады. Бұл айтарлықтай өсім күрделі демографиялық процестердің нәтижесі болды. Бұл процестерге ішкі факторлар мен пандемия COVID-19 сияқты сыртқы сын-қатерлер әсер етті.

Жыныстық құрам да өзгерістерге ұшырады. 2019 жылы Қазақстанда 9 033 482 ер адам және 9 597 438 әйел тұрды. 2023 жылға қарай ерлер саны 9 783 814 адамға, ал әйелдер саны 10 250 028 адамға жетті. Әйелдер саны артық болды. Бұл үрдіс зерттеліп отырған кезеңнің барлық уақытында сақталды. Жыныстық құрамның теңгерімі еңбек нарығына және демографиялық саясатқа ықпалын тигізеді.

Бұл еңбекке қабілетті топтардың арақатынасы мен экономикалық өзгерістерді көрсетеді.

Өңірлік айырмашылықтар демографияда айтарлықтай болып қалды. Халық тығыздығы өңірлер бойынша әртүрлі болды. 2023 жылы Астанада халық тығыздығы бір шаршы шақырымға 1 794,4 адамды құрады. Бұл ел бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Түркістан облысында бұл көрсеткіш бір шаршы шақырымға 18,5 адамға жетті. Тығыздығы төмен өңірлер, мысалы, Ұлытау, шаршы шақырымға 1,2 адам деңгейінде қалды. Мұндай айырмашылықтар ресурстарды бөлуге, инфрақұрылымды жоспарлауға және әлеуметтік бағдарламаларға әсер етеді. Әрбір өңір үшін жеке шешімдерді талап етеді. Мысалы, қалалардағы жоғары тығыздық көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды талап етеді. Ал тығыздығы төмен өңірлер экономикалық дамуды ынталандыру және көші-қон ағындарын қолдауды қажет етеді.

Көші-қон процестері де халық санының өзгеруінде маңызды рөл атқарды. 2023 жылы көші-қон



сальдосы 9 293 адамды құрады, бұл аздаған оң балансты көрсетеді. Көші-қон халықтың құрылымы мен динамикасына әсер етеді. Ол еңбек нарығы мен әлеуметтік қорғау жүйесі үшін сын-қатерлер туғызады. Демографиялық саясаттың маңызды бағыты көші-қон ағындарын басқару болуға тиіс.

ЖЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУДІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ҚАЖЕТ

«AMANAT» партиясы жанындағы аграрлық сектордың мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырыста сарапшылар уақытша жер пайдалану бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін реттеу мәселесін талқылады.



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, аграрлық сектор мәселесі жөніндегі кеңестің төрағасы Нұржан Өшімбетовтің айтуынша, 2023 жылы уақытша жер пайдалану құқығымен ел азаматтары мен заңды тұлғаларына фермерлік шаруаларын жүргізу үшін жер учаскелерінің шекті мерзімін бекіту бойынша қаулы бекітілді.

«Бекітілген жер учаскелері бойынша ауыл шаруашылығы жерлерін ұзартуға қатысты тауар өндірушілер бірқатар қиындыққа тап болды. Бұл мәселе ел экономикасына әсер етеді. Салық, халықтың табысы мен жерді тиімді пайдалану мәселелері бар. Сондықтан осы мәселені жан-жақты қарап, талқылау керек», — дейді Өшімбетов.

Өз кезегінде Kazakh grain union астық одағының атқарушы директоры Мұратбек Исабаев ауыл шаруашылығы жерлерін жалға берудің шекті мөлшері мәселесі қайта қаралатынын айтты.

«Ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін бекіту туралы Үкіметтің 2023 жылғы 25 қаңтардағы №42 қаулысы қабылданды. Депутаттық корпус қазір ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде бекітілген шекті мөлшерден асатын жерлерге жалдау мерзімін ұзарту бойынша қиындықтардың туындауына байланысты осы мөлшерлерді қайта қарау мәселесін қозғап отыр», — деді Исабаев.

Ол осы мәселені шешу бойынша екі тәсілді ұсынды.

«Үкіметтің аталған қаулысына сілтеме жасай отырып, адал және тиімді жұмыс істейтін агроқұрылым-

дардан халықтың жер алуы барлық жерде жүзеге асырылып жатқанын хабарлаймыз. Осыған байланысты шұғыл түрде қаулыны тоқтату керек немесе қолданып жатқан жерді пайдалану туралы шарттарына қолданылмайтыны жайлы норманы енгізу керек. Осы екеуінің біреуін іске асыру қажет. Біз өз ұстанымымызды осылай білдірік. Мемлекет басшысының осы жылғы Жолдауындағы жер пайдалану мәселелерінің ұстанымы да айқын екенін көруге болады. «Егер жер пайдаланушы адал жұмыс істеп, инвестиция салса, қолданыстағы өндірісті бұзуға жол берілмеуі тиіс» деген болатын. Мемлекет басшысының жолдауымен заңға өзгерту енгізіледі деп ойлаймыз», — дейді Исабаев.

Ал жерді пайдалану және қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы Мұрат Теміржанов максималды мөлшерден асатын жер учаскелері бар жер пайдаланушыларында туындайтын мәселелердің фактілері жер пайдаланушылардың жалдау мерзімін ұзарту кезінде болғанын айтты.

«Қазір жер ресурстарын басқару комитеті жерді тиімді және ұтымды пайдалану қағидатын назарға ала отырып, мемлекеттік емес заңды тұлғада уақытша жер пайдалану құқығында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл мәселенің тарихы 2016 жылдан бастап жалғасып келеді. Жер реформасы жөніндегі комиссия жер заңнамасының нормасы бойынша ұсынымдарды кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді 2018 жылы қабылдаған болатын. Жергілікті атқарушы ор-

гандардың өкілдері мен «Атамекен» ҰҚП, фермерлер мен сарапшылар кіретін комиссия әр өңірмен талқылаулар жүргізді. Олардың қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірледі», — дейді ол.

Еске салсақ, 2021 жылғы ақпанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, қандастарға, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалар мен шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға да, жеке меншікке де беруге жол бермеу жөніндегі саяси шешімді жариялады.

2021 жылдың 13 мамырында Жер кодексіне тиісті заңнамалық түзетулерге қол қойылып, заңға тәуелді актілерді бекіту жұмыстары басталды. Тиісінше, әзірленіп жатқан заңға тәуелді актілер тізбесіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің шекті мөлшерін бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасы келіп түсті.

Үкімет қаулысының бұл жобасы 2021 жылғы 20 желтоқсанда Ашық НКА интернет-порталында жария талқылау үшін жарияланды. Алайда облыстар қабылдаған ауыл шаруашылығы жерлерінің ауқымды алаңдар бойынша бірлескен шешімдер қоғам қайраткерлерінің жағымсыз пікірі мен талқылауына себеп болды. Бұл туралы қаңтар айында Үкімет аппараты хабардар болды. Бұл мәселе әлеуметтік маңызды болғандықтан, Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында ауыл шаруашылығы жерлерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін анықтау үшін сарапшылар мен ғылыми институттардың қатысуымен жұмыс тобын құру туралы тапсырма берген болатын.

Атырауда «AMANAT» партиясының бастамасымен ауыл әкімдерінің облыстық форумы өтті. Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев, облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев, барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық мәслихат төрағасы мен депутаттары, басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

АТЫРАУДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Форум басында сөз алған партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев Атырау аграрлы-өнеркәсіптік инвестициялық аймақтардың бірі екенін атап өтіп, облыс бойынша өңірлік Жол картасының орындалу көрсеткішіне тоқталды.

«Өткен парламенттік сайлауда «AMANAT» партиясы Мәжіліс пен мәслихаттардағы орындардың басым бөлігіне ие болды. Ендігі басты міндетіміз — сайлауалды уәделерімізді толық орындау. Ол үшін партияның 2027 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламаларын іске асыру бойынша республикалық және 20 өңірлік Жол картасы әзірленді. Мәселен, Атырау облысы бойынша өңірлік Жол картасы 93 тармақтан тұрады. Бүгінде оның 20,5 пайызы орындалды. Олардың едәуір бөлігі инфрақұрылымдық нысандарды, яғни мектептерді, ауруханаларды, жолдарды, инженерлік желілерді салуды немесе жөндеуді көздейді. Сондық-

«Партиялық жобалар мен мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында ауылда өзекті мәселелер өз шешімін тауып келеді. Мәселен, ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін жеке қосалқы шаруашылықтардың шығарған өнімін дүкен сөрелеріне дейін жеткізетін кешенді экожүйе құру өте маңызды. Алайда бүгінде ірі компаниялар мен сауда желілері ауылдағы шағын жеке кәсіпкерлердің өнімдерін сатып алуға ниетсіз. Себебі жеке қосалқы шаруашылықтардың өнімін сатып алу кезінде «бірінші қосалқы құн салығының» мәселесі туындап отыр. Осы ретте партия «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде жеке қосалқы шаруашылықтар өндіретін тауарлар үшін «қосымша құн салығын» алып тастау туралы ұсыныс дайындап, Үкіметке енгізді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар, жеңілдетілген несиелер беру бағдарламаларын пайдалану



тан сіздердің міндеттеріңіз — құрылыс және жөндеу жұмыстарына тұрақты мониторинг жүргізу және туындаған мәселелер туралы жедел хабарлап, тиісті шешімдер қабылдау», — деді партия ол.

Ауылдарды дамыту — «AMANAT» партиясының маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Бұл ретте «Ауыл аманаты» және «Жер аманаты» жобалары сәтті жүзеге асырылып келеді. «Жер аманаты» жобасы пайдаланылмай жатқан және кезінде заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекетке қайтаруға бағытталған. Бүгінде Атырау облысында 259 мың гектар, ал еліміз бойынша шамамен 11 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Жердің қайтарылуы ауыл тұрғындарының табысын арттырып, салық базасының ұлғаюына септігін тигізгі сөзсіз.

Сондай-ақ былтырғы жылдың қорытындысы бойынша «Ауыл аманаты» жобасына 100 млрд теңге бөлінді. Атырау облысына былтыр 1,5 млрд теңге бөлініп, 192 микрокредит берілді, 218 жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев атап өтті.

арқылы округ әкімдері жергілікті тұрғындар мен шаруа қожалықтары арасында тығыз байланыс орнатып, кеңінен насихат жұмыстарын жүргізуге тиіс», — деді ол.

Сондай-ақ былтыр «AMANAT» партиясы халыққа қаржылық сауаттылықты оқыту бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасын бастады. Президенттің тапсырмасы бойынша бұл жоба бүкіл елге тарап, нәтижесінде 200 мыңнан астам адам білім алды. Оның 85% пайызы — ауыл тұрғындары. Атырау облысында 10 мыңнан астам азамат оқудан өтті. Бұл ретте әкімдер өңір тұрғындарына «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы туралы тиісті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Форум аясында ауыл әкімдеріне оқыту сессиялары ұйымдастырылды. Онда партиялық жобаларды іске асыру, сыйбалас жемқорлықтың алдын алу, агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдаудың қолжетімді тетіктерін қалыптастыру, бұқарамен жұмыс істеу, кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету және инвестиция тарту шаралары, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі секілді түрлі бағытта арнайы мамандар тарапынан дәріс оқылды.

300-ден АСТАМ ЖАРНАМАЛЫҚ НАРКОГРАФФИТИ ЖОЙЫЛДЫ

Бес күн ішінде «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері мен еріктілері 300-ден астам есірткіні жарнамалайтын граффитиді жойды.



Аймақтарда есірткіге қарсы белсенді күрес жалғасуда. «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты «Есірткіге жол жоқ» акциясын өткізіп жатыр. Акцияға жергілікті әкімдіктер, полиция департаменттері, прокуратуралар, мәслихат депутаттары және қоғам белсенділері қолдау көрсетуде. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бүкіл ел бойынша 400-ден астам жас шараға қатысты.

«Заңның үстемдігін қамтамасыз ету — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі. Ал «Заң және тәртіп» принципі Президент биыл наурыз айында Атырауда өткен Ұлттық құрылтай жиынында мәлімделді. Елдегі құқықтық тәртіпті нығайтуға және жастардың денсаулығы мен болашағын қорғауға өз үлесін қосу мақсатында «Жастар Рухы»

белсенділері дәстүрге айналған «Есірткіге жол жоқ» акциясын өткізуде», — деді «Жастар Рухы» ұйымының төрағасы Акерке Искандерова.

Орал қаласында «Жастар Рухы» белсенділері тұрғын үйлердің, гараждар мен қоршаулардың қабырғаларындағы есірткі жарнамаларын өшірді. Аймақтық Полиция департаментінің мәліметі бойынша, жыл басынан бері 25 есірткі жарнамалаушы ұсталған, олардың 6-ы көмелетке толмағандар. Құқық қорғау органдары есірткі жарнамасын граффити арқылы таратқаны үшін 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылғанын еске салады. Қазір өңірде 300 адамнан тұратын мониторингтік топ жұмыс істеп жатыр. Олар есірткі жарнамалары туралы ақпаратты полицияға жеткізіп отырады.

«Есірткіге қарсы күрес — тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес, бүкіл қоғамның да жауапкершілігі. Біз тек жарнамаларды бояп қана қоймай, жастармен кездесулер өткізіп, диалог алаңдарын ұйымдастырып, есірткілердің зияны туралы айтып, азаматтардың пікірін өзгертуге тырысамыз. Тек барлығымыз бірігіп қана болашақ ұрпақ үшін қауіпсіз орта қалыптастыра аламыз», — дейді Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Архат Исламғали.

Тараз қалалық прокуратурасының прокуроры Асылхан Әбітбеков волонтер-



лердің есірткі бизнесіне қарсы күрестегі белсенді рөлін атап өтті.

«Еріктілердің көмегі арқасында біз тек құқықбұзушылықтардың алдын алып қана қоймай, жастар арасында құқықтық сауаттылықты да арттырамыз. Әрбір еріктінің жұмысы — есірткіге қарсы күрестегі маңызды қадам. Еріктілердің белсенділігі мен ақпараттық жұмысы арқылы біз есірткімен байланысты қылмыстарды азайтып, құқықбұзушылықтарды уақытында анықтаймыз», — деп атап өтті ол.

«Жастар Рухы» тек есірткі жарнамаларын бояп қана қоймайтынын атап өту маңызды. Мысалы, былтыр халықаралық жастар күніне орай Астанада Big Tolqynda заманауи би чемпионаты ұйымдастырылды. Бұл шара жастарды саламатты өмір салтына ынталандыру, белсенді және пайдалы демалысқа баулу, сондай-ақ есірткіге

тәуелділік мәселесі туралы хабардарлықты арттыру мақсатында өткізілді. Сонымен қатар еліміздің барлық өңірінде мини-футбол, волейбол, садақ ату, үстел теннисі, жүзу сияқты түрлі жарыс ұйымдастырылды. Оған жалпы 3 мыңнан астам жас қатысты.

Сонымен қатар BigTolqynda және «Рухтастар Cases» диалог алаңдарында есірткі заттарының зияны туралы лекциялар өткізілуде, сараптамалық алаңдар ұйымдастырылып, жас пікір көшбасшылары, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер және депутаттармен кездесулері ұйымдастырылуда. Ашық пікірталас форматында жастар өздерін қызықтыратын кез келген сұрақтарын қоюға мүмкіндік алады. Осылайша, «Жастар Рухы» жастар қанаты елде есірткіге деген тәзбеушілікті мәдениетін қалыптастыруға және қоғамда «Заң және тәртіп» принципінен насихаттауға үлес қосуда.

ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫНА – БІР ЖЫЛ

12 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

«АМАНАТ» партиясы психологиялық көмек туралы заң жобасын әзірлеу жолында маңызды қадамдарды жүзеге асырып келеді. Мәселен, 2023 жылдың желтоқсанында партияның Әйелдер қанаты бас қосып, осы тақырыптың өзектілігін терең талқылады. Бұл кездесу психологиялық қызмет көрсету саласын дамытудың бастамасы іспеттес. Себебі әрі қарайғы жұмыс партияның «Психологиялық қызмет институтын дамытуға ықпал ету» атты ба-сымдығы негізінде жалғасын тапқан еді. Осы мақсатта құрылған арнайы жұмыс тобы 2023 жылдың соңынан 2024 жылдың басына дейін белсенді қызмет атқарды. Топ елдегі психолог мамандармен бірлесе отырып, заңның нақты баптарын талқыға салып, әрқайсысының тәжірибесі мен кәсіби пікірін ескере отырып, жобаның алғашқы нұсқалары жасақталды. 2024 жылдың мамырынан бастап, заң жобасының мазмұнын әзірлеу жұмысы қарқын алған болатын. Осылайша, «АМАНАТ» партиясы психологиялық көмек көрсету саласын жақсартуға бағытталған кешенді заң жобасын қалыптастыруға үлкен қадам жасап отыр.



Шолпан КАРИНОВА,
«АМАНАТ» партиясының хатшысы,
Әйелдер қанатының жетекшісі:

ПСИХОЛОГИЯҒА КӘСІБИ СТАНДАРТ ҚАЖЕТ

Қазір Қазақстанда практикалық психология әлеуметтік-экономикалық өмірдің бір бөлігіне айналғанын көріп отырмыз. Бұл процесс қоғамның әртүрлі құрылымдары мен жеке азаматтар арасында психологтердің практикалық көмегіне, психологиялық кеңес алуға, психологиялық білім саласындағы құзыреттілікті және хабардарлықты арттыруға деген сұраныс туындатты. Бұл психологиялық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақстан көптеген әлем елдері сияқты көмек көрсету мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа ашық, бірақ елімізде әлі де психологияның мәртебесі толыққанды нақтыланбаған. Ғылыми-практикалық психология білімін қолдануға мүмкіндік беретін көптеген шешім формальды тәсілдер арқылы қабылданады. Ал оған тікелей қатысты мәселелер психологияның қатысуынсыз шешіледі.

Мәселен, экономика, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, құқық қорғау органдары, армия және басқа да салаларда пайдаланылатын психологиялық деректер жеткіліксіз. Психология ғылымы ұсынатын нашақорлық, буллинг, маскүнемдік және қоғамның басқа да теріс құбылыстардың алдын алатын мүмкіндіктер іс жүзінде қолданылмайды.

Бизнес құрылымдар мен өнеркәсіп кәсіпорындарының ұжымдарында кездесетін психологиялық проблемалар, сондай-ақ оналту және қайта бейімдеу, мүгедектерге психологиялық көмек көрсету сияқты мәселелер теориялық және практикалық зерттеулердің назарынан тыс қалып отыр.

Өз уақытында қаржылық және әлеуметтік жағынан қорғалмаған халық топтары үшін дағдарыс орталықтары мен «Сенім телефоны» желісінің пайда болуы, соның ішінде түрлі қордың қолдауымен құрылған және дамып келе жатқан қызметтер психологиялық қызметтердің орнын алмастырды.

Дағдарыс орталықтарының психологиялық қызметі аясында практикалық психологияның дамуы тез және интуитивті түрде жүрді. Ал психологиялық көмектің тиімділігі психологтің жеке тұлғасы, психологияның қазіргі жетістіктеріне деген көзқарасы, кәсіби және тұлғалық көмек көрсетуге дайындығы деңгейіне көбірек тәуелді болды.

Психологтер мен психологиялық қызметтердің жұмысына қатысты жеке нормалар немесе психологтердің қызметін реттеу әрекеттері түрлі құрылымдар бар. 2022 жылы алғаш рет білім беру саласында психологиялық-педагогикалық көмек көрсету тәртібі анықталды. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық көмек көрсету ережелері қабылданды. Педагогикалық тәжірибеде бұл оқу, тәрбие және даму қиындықтарын анықтап, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалайды. Бұдан бөлек, психологтер педагогтерге және оқушылардың отбасыла-

рына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетеді. Оқушылардың жақсы оқуына, дамуына және ортаға бейімделуіне, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға атсалысады.

Психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін педагогтердің қызметін үйлестіру және оларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында білім беру басқармасы бұйрығымен инклюзивті практикаларды дамыту және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін Ресурстық орталықтар құрылуда.

Заңның жаңа нормалары мен уәкілетті органның бұйрығы білім беру ұйымдарының психологтеріне өз кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін нақты практикалық көмегін тигізді. Алайда заңдағы нормалар жеткіліксіз. Кәсіби орта, кәсіби қауымдастық қажет, ол қызмет жүргізу, диагностика, сол немесе басқа жағдайларды түзету үшін әдіс-тәсілдерді талқылап, әзірлеуі керек. Әрине, бұл қызметті үйлестіруді қажет етеді. Қазіргі кезеңде әлі де педагог-психологтердің балалар санына шаққандағы нормативін анықтаған абзал.

Тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді. Қазіргі заманда балалар да, ересектер де интернет, әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізеді. Нақты нарық жағдайларына сәйкес, сұраныс бар жерде ұсыныс та болады. Сондықтан интернет кеңістігі әртүрлі өмірлік жағдай мен мәселелер бойынша «психологтердің практикалық кеңестеріне» толып кетті. Ақылы негізде өз қызметтерін ұсынатын психологтердің саны күрт өсті. Адамдар осы «кеңестер» мен «қызметтерді» пайдаланады. Ал бұл «кеңестер» мен «қызметтерді» дұрыстығына қандай кепілдік бар? Мамандардың шынайы біліктілігі қандай?

Осыған байланысты психологиядағы классификациялар, мысалы, балалар психологиясы, отбасы психологиясы, спорттық, педагогикалық, әлеуметтік, клиникалық, криминалдық, киберпсихология, төтенше жағдайлар психологиясы және басқалары жеке тәсілдерді талап етеді. Әр бағыт бойынша құзыреттілік карталары бар «Психолог» кәсіби стандарты қажет. Психолог этикасы да реттеуді талап етеді.

Қоғамдағы қатығыстар, тұлғааралық қарым-қатынастар, еңбек ұжымдарындағы келіспеушіліктер, балалар мен ересектер арасындағы буллинг және адамдар күнделікті бетпе-бет кездесетін басқа да күрделі мәселелер бізге психологиялық көмек көрсету саласын реттеудің қажеттілігін дәлелдейді.

Нәтижесінде, қазір психологиялық көмек көрсету тәжірибесін талдау және жинақтау, психологтердің қызметін нығайту және Қазақстанда психологиялық кеңес беру қызметінің тәжірибелік базасын кеңейту қажеттілігі өзекті мәселе болып тұр.

«АМАНАТ» партиясының саяси платформасында «Біз әрбір қазақстандықтың бақытты өмір сүруіне жағдай жасайтын боламыз» деген мәлімдеме бар. Бүгінде өзекті сұраныстарға жауап бере отырып, «АМАНАТ» партиясының Әйелдер қанаты «Психологиялық қызметті қолдау және дамыту» басымдығы бойынша жұмыс бастады. Аталмыш бағытта психологтің қызметін реттейтін заң жобасы әзірленуде. 2024 жыл бойы осы мәселеге қатысты барлық мүдделі тараптармен, жауапты құрылымдармен, ұйымдармен кен қоғамдық талқылау өткізілді. Ондағы мақсат — халық пен кәсіби психологтердің мүдделерін қорғау, психологтер мен азаматтар арасындағы барлық өзара байланыс аспектілерін реттеуге бағытталған тәсілдерді әзірлеу. Бұл халықтың психологиялық әл-ауқаты мен Қазақстанда психологиялық көмек көрсету мәдениетіне оң әсер етеді. 2024 жылы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының форумында бұл бастама жоғары мінберден айтылды. Алда үлкен жұмыс күтіп тұр.

Бізге қауіпсіз орта мен жоғары қарым-қатынас мәдениеті және психологиялық игілік қажет.



Айна МУСРАЛИМОВА,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«АМАНАТ» партиясының
Әйелдер қанатының
«Психологиялық қызмет институтын
құру және оның жұмыс істеуі» бойынша
басым бағыттың тең төрағасы:

САЛАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ МӘСЕЛЕСІ

«АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасында халықтың денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелеріне үлкен мән берілген.

Қазір Қазақстанда психологиялық көмекті көрсету және алу саласы заңнамалық-құқықтық тұрғыдан әлі реттелмегенін атап өткен жөн. Елімізде психологиялық көмек көрсетуде бірыңғай жүйе жоқ, осы бағыттағы жағдайды толыққанды көрсететін жалпы статистика да мардымсыз. Мемлекеттік және жеке қызмет көрсететін психологтер әрқайсысы өз бетінше жұмыс істейді және әр бағыт өз мүмкіндіктеріне қарай дамуда.

Тек білім беру саласында ерекше құзыреттілігіне және балалармен жұмыс істеуіне байланысты біраз атқарылған жұмысты көруге болады. Білім беру процесінің барлық қатысушысы үшін психологиялық қызметтердің жұмыс ережелері әзірленген. Төтенше жағдайлар қызметінде штаттағы психологтер жұмыс істейді. Көктемгі су тасқыны кезінде баспанасыз қалған және табиғи апатқа ұшыраған адамдарға ТЖМ психологтері көмектесу арқылы өздеріне қаншалықты жауапкершілік алғанын айқын көрсетті.

Заннамалық-құқықтық реттеудің болмауы салдарынан қазір адамдардың санасымен кез келген адам жұмыс істей алады. Сондықтан азаматтар жалған психологтер мен алаяқтардың «көмегі» мен «қызметтерін» алу қаупінен қорғалмаған. Бұл психологиялық әл-ауқаттың нашарлауына, нәтижесінде халықтың экономикалық өнімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Бүгінде Қазақстанда елдің барлық жетекші университеттері жыл сайын кәсіби психологтерді дайындайды. Мысалы, 2023-2024 оқу жылына 1 039 грант бөлінген, оның ішінде «Психология және педагогика» бойынша — 689, «Психология» бойынша 350 грант бар. 2022-2023 оқу жылында «Педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалавриатта 6 702 студент білім алды. Алайда осыған қарамастан білікті мамандардың жетіспеушілігі байқалады.

Қазір адамның психикасы мен әртүрлі қызмет түрлері зерттеу нысаны болып табылатын заманауи психологияның қолданбалы салаларын есептеу қиын. Олардың қатарына еңбек психологиясы, инженерлік психология, медициналық психология, психология, әскери психология, спорт психологиясы, саяси психология, жарнама психологиясы, басқару психологиясы, экономикалық психология, өнер психологиясы, мәдениет психологиясы және т.б. жатады. Сондықтан Қазақстанда да уақыт талабына сай әр салада, соның ішінде ірі өндіріс, төтенше жағдайлар қызметі, ІІМ, Қорғаныс министрлігі жүйесі, азаматтық

авиация, спорттық командалар мен медициналық мекемелерде психологтің қызметі болуы керек. Сондай-ақ халыққа жеке түрде де қызмет көрсетілуі қажет.

Еуропада және АҚШ-та адамдар мамандардың психологиялық көмегіне 100 жылдан астам уақыт бойы жүгініп келеді. Беларусь Республикасында психологиялық көмек көрсету туралы заң 2010 жылы қабылданды, ал Әзербайжанда — 2018 жылы. Ресей Федерациясында қазір «РФ-да психологиялық көмек туралы» Федералдық заң талқылануда. Басқа елдерде де психикалық денсаулықты қорғау және психикалық денсаулық саласындағы қызметтер мәселелері белсенді талқылануда. Атап айтқанда, ол заң тиісті біліктіліксіз психологиялық немесе психиатриялық көмек көрсетуді шектеу туралы.

2021 жылы ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің жартысына жуығы (48,5%) психолог қызметтері қолжетімді болуы керек деген пікір білдірді. Егер сауалнама көрсеткіштерін Қазақстанның 18 жастан асқан шамамен 12 миллион тұрғынына пропорционалды түрде экстраполяция жасасак, 600 мың адам психологтерге жүгінген, ал шамамен 4 миллион адам бұған дайын екенін білдірген. Оның ішінде 3 миллион адам қажет жағдайда бірден жүгінуге дайын, ал 1 миллион адам көмекті қажет етеді, бірақ ұялады.

Біздің елімізде психологиялық көмек көрсету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және заңнамалық реттеуді қамтамасыз ету қажет. Заң қабылдау арқылы әртүрлі қызмет саласы үшін психологтерді даярлау мен қайта даярлау мәселелерін шешуге, психологтің кәсіби стандартын бекітуге, сондай-ақ бірқатар сала мен ұйымда міндетті психолог штаттарын енгізуге ықпал етуге болады.



Зарема ШАУБЕНОВА,
«АМАНАТ» партиясының
Әйелдер қанатының
«Психологиялық қызмет институтын
құру және оның жұмыс істеуі» бойынша
басым бағыттың тең төрағасы,
Ұлттық ғылым академиясының
академигі, әлеуметтану ғылымдарының
докторы, профессор

ОТАНДЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

Г. Эббингхаустың «Психологияның өткені ұзақ болғанмен, тарихы қысқа» деген сөздерін еске ала отырып, Қазақстандағы психологияның өзіне тән жарқын жолы әрі ұзақ тарихы бар екені қуантады.

1965 жылдың 6 желтоқсанында КСРО-ның жоғарғы және орта арнаулы білім министрінің «Мәскеу және Ленинград мемлекеттік университеттерінде психология факультеттерін құру туралы» №628 бұйрығы шықты. 1966 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Мәскеу мен Ленинградтың психология факультеттері алғашқы студенттерді қабылдай бастады, олар Кеңес Одағындағы алғашқы дипломға ие пси-

хологтер болды. Қазіргі қазақстандық психология ғылымының корифейлері ММУ немесе ЛМУ-де оқып, диссертация қорғаған болатын. Аталмыш саладағы ғалымдар мен олардың шәкірттері оқу-тәрбие процесінде осы «Мәскеу» немесе «Ленинград» психологиялық мектебінің дәстүрлерін жалғастырды.

Қазақстандағы психология ғылымының бастаушысы және ұйымдастырушысы М.Мұқанов (1920-1985 жж.), ол психология ғылымдарының докторы, профессор, жалпы, жас және этникалық психология саласының маманы. М.Мұқанов Абай атындағы ҚазҰПУ-дың (бұрынғы Абай атындағы ҚазПИ) психология кафедрасын құрып, өмірінің соңына дейін басқарды.

Іргелі психологиялық білім беру жүйесінің қалыптасуы С. Киров атындағы ҚазМУ-де (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) жүзеге асырылды, мұнда 1947 жылы филология факультетінің психология және логика бөлімшесінде алғаш рет психология мамандығы бойынша ұлттық кадрларды дайындай бастады. Бұл бөлімшені Қазақстандағы алғашқы психология ғылымдарының докторы (кандидаттық және докторлық диссертацияларын Ленинградта қорғаған), ҚазМУ-дың ректоры (1948-1953 жж.) Т. Тәжібаев ашқан болатын. Дәл осы ҚазМУ-де 1988 жылы Қазақстан психология ғылымының тарихында алғаш рет базалық психологиялық білімі бар мамандарды дайындай бастады. Психология бөлімшесіне 31 студент қабылданған болатын.

Профессор М.Мұқановтың әріптестері мен ізбасарлары арасында психология ғылымдарының докторлары, профессорлар В.Шабельников, Ж.Намазбаева, Х.Шерязданов секілді көрнекті ғалымдарды атап өтуге болады.

1998 жылы Қазақстандағы психология және педагогика тарихының ең беделді маманы, психология ғылымдарының докторы және педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері К.Жарықбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да академик Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология орталығын ұйымдастырып, оны басқарды. 1997 жылдан бастап алты жыл бойы ҚазҰУ-дың психология кафедрасын психология ғылымдарының докторы, профессор Н.Логинова басқарды, ал 2007 жылдан бастап ол өзінің алыма-матері — Санкт-Петербург мемлекеттік университетіндегі психология факультетінде жұмысын жалғастырып, қазақстандық әріптестерімен тығыз байланыс ұстап келеді. Ол өз естеліктерінде «К.Жарықбаев психологияны өз табындылығымен баспасөздегі және әртүрлі аудиторияда, соның ішінде беделді адамдар арасында жасаған мәлімдемелері арқылы, республикадағы психологиялық қауымдастықтың қолдауымен, 1988 жылы Қазақстанда психология бөлімін ашу туралы Үкіметтің шешім қабылдауына айтарлықтай үлес қосты» деп атап өтті.

С.Жақыпов — Қазақстан психологиясындағы өз ізін қалдырған тұлға. Психология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы және этникалық психология кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан психологтер қауымдастығының президенті, МГУ түлегі, оны аяқтағаннан кейін Е.Бекетов атындағы ҚарМУ-де жұмыс істеді. Бұл оқу орнында 1990 жылдан бастап қазақ және орыс бөлімшелеріне студенттер қабылдана бастады. Кафедраның қалыптасуына психология ғылымдарының докторлары В.Клочко, О. Краснорядцева, О. Блок, Т. Бендас, Б. Әмірова үлкен үлес қосты.

Елімізде психология ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер саны 200-ден асады. Докторлар саны 40-тан астам. Олардың

ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫНА – БІР ЖЫЛ

12 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

САНА ДА ТҮЗЕЛЕДІ

барлығы ғылыми-педагогикалық, зерттеуші және практикалық психолог мамандарының негізгі құрамын құрайды.

Қазақстандағы психология саласының алғаш пайда болып, ары қарай дамытып, толыққанды және сапалы білім беру арқылы «Психолог» мамандығының дамуына елеулі үлес қосқан және қосып жүрген барлық адам үлкен мәртебеге ие. Қазіргі психология мамандығының студенттеріне өз мамандығын түсініп, сүйюі, оған адал болуды және оны ары қарай дамыту жолында жауапкершілік алуды тілеймін.



Дарина ДАНЕНОВА, психология ғылымдарының кандидаты, «АМАНАТ» партиясының Әйелдер қанатының «Құру және қызмет етуге жәрдемдесу» басым бағыты бойынша жұмыс тобының мүшесі

ПСИХОЛОГ БОЛУҒА КІМ ҚҰҚЫЛҒА?

Менің ойымша, қазір «өз психологияңның болуы» жақсы әдетке айналып келе жатқан уақыт келді деп сеніммен айтуға болады. Біреулер психологке өзінің рухани және физикалық ресурстарын арттыру үшін (спортшылар мен шығармашылық мамандықтағы адамдар), өз әлеуетін барынша ашу үшін (кәсіпкерлер мен озық жастар) немесе психологиялық құзыреттілігін арттыру үшін (негізінен байланыс және сауда саласында жұмыс істейтін кәсіпқойлар) жүгінеді. Басқалары, қиын өмірлік жағдайларға тап болғанда, өз-өздеріне түйықталмай, психологке жүгінуден ұялмайды. Қуантатыны, қазір елімізде бұған жағдай жасалған. Мысалы, Қазақстандағы шамамен 50 жоғары оқу орны психологтерді дайындайды және ғылыми психологияда өз дәстүріміз қалыптасқан. Тіпті, көптеген мемлекеттік органда – Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, медициналық мекемелер, армия, мектеп, спорт, еңбек ұжымдарын психологсіз елестету қиын. Қазір елімізде психологтердің бірнеше буыны қалыптасты, олар өз мамандығына адал, ал миссиясы — адамдардың бақытты болуына көмектесу. Алайда қоғамда психологиялық қызметтерге сұраныстың артуы базалық психологиялық білімді жок кеңесшілерге тартымды болып отыр. Бұлар нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) мамандары, тұлғалық даму бойынша коучтер, өмір сапасын жақсарту бойынша сарапшылар, қысқамерзімді курстардан өткен психотерапевттер, сондай-ақ әлеуметтік желілерде «психологиялық» кеңестер беріп, марафондарға шақыратын блогерлер мен онлайн кеңесшілердің үлкен армиясы. Психологиялық қызмет көрсету нарығының осындай өртүрлілігі арасында психологиялық мәселелерге тап болған және кәсіби кеңеске мұқтаж адамдар бұл қызметтің сапасының нақты критерийлерін анық түсіне бермейді. Сонымен қатар «біліксіз психологтердің» қызметтеріне кеткен қаржылық шығын — олардың кәтелікке ұрындыратын психологиялық шығынмен салыстырғанда түкке тұрғысыз.

Сондықтан халықты инфосығандар мен білімі жеткіліксіз мамандардың қызметінен қорғау және қоғамда психологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін психологтің мәртебесін заңнамалық бекіту және психологиялық көмек көрсетуге жауапкершілік белгілеу қажет.

Психологиялық көмек көрсетуге құқығы бар маманның басты критерийі тек жоғары психологиялық білім болуы мүмкін. Бастысы, бұл ереже заңмен бекітілгені дұрыс. Мемлекеттік реттеудің екінші қадамы ретінде психологтің кәсіби қызметін реттеудің үш нұсқасының бірін таңдауға болады. Бірінші нұсқа — бірыңғай тізімге тіркеу, онда маман өзінің аты-жөнін, заңды мекенжайын және біліктілігін тиісті реттеуші органда тіркей алады. Психологтің ресми тіркеуі оның тәжірибесінің ашықтығын, қызмет бағытын және біліктілігін белгіленген стандартқа сәйкес қамтамасыз етеді. Екінші нұсқа — мемлекеттік сертификаттау, мұнда сертификаттау талаптары стандартты мемлекеттік тесттен өту және жұмыс тәжірибесін растауды қамтиды. Үшінші нұсқа — лицензиялау. Қазір психологиялық қызметтер нарығының жағдайы және психологтердің кәсіби дайындығы деңгейі, сарапшылармен болған талқылаулар көрсеткендей,

Қазақстан психолог қызметін лицензиялау арқылы реттеуге әлі дайын емес. Біріншіден, лицензиялау критерийлерін барлық мамандықтағы психологтер үшін қолайлы етіп дайындауға уақыт қажет. Онда еліміздегі психологтерді дайындау жүйесі, кәсіби ортаның дамуы мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін барлық жағдай көрсетілуі тиіс. Соның ішінде біліктілікті арттыру мүмкіндіктері, «көзбояушылық» конференцияларға емес, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға нақты қатысуы міндеттелгені абзал. Екіншіден, қазір психолог мамандығын игергендер саны жеткілікті болғанымен, көптеген салада (отбасылық, жас ерекшелік, педагогикалық, клиникалық, заңды, дағдарыс, әскери психология және т.б.) психологиялық көмек көрсету үшін қажетті кәсіби құзыреттілігі бар мамандардың тапшылығы айтарлықтай байқалады. Соның салдарынан психологтерді жеке мамандықтар бойынша объективті және тиімді лицензиялау (яғни, ресми түрде тану) қиын. Мысалы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің құрамында өртүрлі кәсіби саланың өкілі болуы керек, бірақ онда психологтер мүлдем жоқ-тең филологтер, заңгерлер, тарихшылар мен экономистер жұмыс істейді.

Сондықтан психологтердің кәсіби қызметін тіркеу жүйесі арқылы мемлекеттік реттеуді бастау орынды болады. 2024 жылдың басынан бастап кездесулер мен талқылауларда Қазақстанның кәсіби психологтер қауымдастығының көпшілігі мынадай пікір білдірді: жеке практикадағы барлық психологтерді, сондай-ақ ақылы негізде психологиялық қызмет көрсететін барлық ұйымды қамтитын бірыңғай ұлттық база құру қажет. Жеке практикамен айналысатын барлық психологтер туралы ашық түрде орналастырылған ақпарат психологиялық қызмет алушыларға бағытталған және таңдаған психологтердің осы тізілімде бар-жоғын тексеруге мүмкіндік береді.



Біздің елімізде психологиялық көмек көрсету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және заңнамалық реттеуді қамтамасыз ету қажет. Заң қабылдау арқылы өртүрлі қызмет саласы үшін психологтерді даярлау мен қайта даярлау мәселелерін шешуге, психологтің кәсіби стандартын бекітуге, сондай-ақ бірқатар сала мен ұйымда міндетті психолог штаттарын енгізуге ықпал етуге болады.

Психологті ұлттық базаға (тізілімге) енгізудің критерийлері ретінде жоғары психологиялық білім туралы диплом, практикалық қызмет өтілі, біліктілікті арттыру курстарының мерзімі мен тұрақтылығын көрсетуге болады. Бұл критерийлер заң жобасын талқылау барысында барлық мүдделі сарапшылармен бірлесе отырып, егжей-тегжейлі пысықталуы мүмкін.

Мұндай жүйе практикалық психологтерге және студенттерге, тіпті жоғары оқу орнындағы оқу кезеңінен бастап, өз кәсіби қызметі мен мансабын құруға, кәсіби даму траекториясын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Осы тәсіл арқылы кәсіби дамуға мүдделі және оның барлық шартына ие психолог өз клиенттеріне кәсіби және сапалы психологиялық көмек көрсететін болады.



Эльмира АЛИЕВА, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының психология, тәрбие және тұлғаны дамыту орталығының жетекшісі маманы, психология ғылымдарының кандидаты, «АМАНАТ» партиясының Әйелдер қанатының басым бағыты бойынша жұмыс тобының мүшесі

ҒЫЛЫМ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Психологиямен ғылым ретінде айналысу неліктен маңызды? Бұл сұраққа жауапты Леонардо да Винчидің сөздерімен бастасак: «Ғылымсыз практиканы сүйетін адам — рульсіз немесе компассыз кемеге шыққан кеме жүргізушісі сияқты: ол қайда бара жатқанын ешқашан білмейді».

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазіргі даму кезеңінде психология

адамдар мен қоғамның практикалық әрекетіне қызмет ететін көпсалалы қолданбалы білім саласына айнала бастады. Қазір адам өмірінің барлық дерлік саласында — мектептен бастап ғарыштық салаға дейін практикалық психологтер жұмыс істейді. Бұл ретте ғылым мен практика психологияда ерқашан бірге дамыды. Бір жағынан, теориялық психология психологиялық білім жүйесін дамытып, ол ғылыми-қолданбалы және практикалық психологияның негізі болып табылады. Ал екінші жағынан, ғылыми-қолданбалы және практикалық психология теориялық психологияның әдістерін жинақтап, ұғымдар, категориялар мен қағидаттардың жүйелі жанаруына ықпал етеді.

Психологиядағы бірнеше ғылыми жетістікті мысал ретінде келтірейік. Мәселен, психотерапия, әсіресе когнитивті-мінез-құлық терапиясы (КМТ) саласындағы ғылыми жаңалықтар миллиондаған адамға стресс, мазасыздық және депрессиямен күресуге көмектесті. Спорттық психологияда бір зерттеуде 17 жастағы шаңғышы әйелдің КМТ көмегімен спортқа байланысты алаңдаушылығын азайтып, спортқа қатысты мінез-құлқын жақсартқаны атап өтілген. Басқа зерттеуде NCAA I дивизионында ауыр жарақат алған 16 спортшының эмоционалдық жағдайының КМТ арқылы жақсарғаны анықталды.

Эмоционалдық интеллектті (EQ) зерттеу адамдардың өз эмоцияларын түсініп, оларды реттей алатын адамдардың басқалармен жақсы қарым-қатынас орнатып, жанжалдарды тиімді шешіп, үйлесімді қарым-қатынастар құратынын көрсетті. Қазіргі педагогикалық әдістер психологиялық зерттеулердің нәтижелерін белсенді қолданады. Әлеуметтік психология саласындағы ғылыми зерттеулер заманауи компанияларға стресті басқарудың психологиялық әдістерін, мысалы, икемді жұмыс кестелері, қызметкерлерді қолдау бағдарламалары және

ДАМУ



ҚАЗАНДАҒЫ МӘДЕНИ КҮНДЕР

Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев бастаған делегация Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласына жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында мәслихат төрағасы Қуаныш Сүлейменов, облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Сәрсембаев, аудан әкімдері, басқарма басшылары, Kazakh Invest компаниясының өңірдегі директоры Қайрат Асаинов, Семей халықаралық әуежайының директоры Ғазизбек Саматов, Abai IT-Valley жобасының амбассадоры Асхат Бейсембаев, «Автотранслайн ВК» ЖШС бас директоры Рамиль Нығматулин, сондай-ақ бизнес және мәдениет өкілдері бар. Сапардың мақсаты – өңіраралық байланысты нығайту, технология, кәсіпкерлік, мәдениет саласында тәжірибе және іскерлік байланыстарды орнатуға, перспективалы идеялар алмасуға бағытталған.

Еділ өзенінің негізгі порттарының бірі саналатын Қазан қаласы бүгінде Ресейдің ірі көлік және өнеркәсіп орталығы, теміржол, авто және әуежолдарының маңызды торабы айналған. Сондай-ақ қала машина құрастыруда, металл өңдеуде, ұшақ жасауда, химия, мұнай-химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде жетекші орын алады. Әрі Ресейдегі ең ірі ғылыми-техникалық орталықтардың бірі. Қалада жоғары технологиялар саласындағы жетекші ресейлік технопарк IT-саябағы, сондай-ақ Еуропадағы ең ірі технопарктердің бірі «Идея» орналасқан. Шаһарда 136 ғибадат орны, оның ішінде 70 мешіт, 45 православие шіркеуі және басқа да діни ғимараттар бар.

Татарстан Республикасындағы Абай облысының мәдени күндері аясында облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев пен Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Татарстан арасындағы екіжақты әріптестік ынтымақтастық кең ауқымды мәселелерді және экономикалық, мәдени саланы қамтитыны туралы айтылды.

«Біз ресейлік-қазақстандық қарым-қатынастар аясында Татарстанмен ынтымақтастықты дамытуға берілген мүмкіндікті жоғары бағалаймыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Қазақстан үшін Татарстан экономиканың түрлі саласында сенімді дос, сенімді серіктес болды және солай болып қала береді. Татарстан Республикасы — дәстүр, бабалар даналығы мен заманауи мәдениет, инновация тоғысқан бірегей мекен. Біздің қоғамымыз өртүрлі мәдениет пен дәстүрлерді біріктіреді. Сіздің басшылығыңызбен қазіргі Татарстан көптеген елге, сондай-ақ Ресейдің басқа аймақтарына үлгі болды. Абай облысы түрлі салада екіжақты қарым-қатынастарды дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Осы сапар аясында Татарстан Республикасының заманауи жетістіктерімен танысуға және сауда-инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға тамаша мүмкіндік туып отыр. Өйткені өткеніміз ортақ, тарихымыз, салт-дәстүрлеріміз ортақ», — деді облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев.

Ресми кездесуден соң Нұрлан Ұранхаев Рустем Миннихановты «Бибігүл» қазақ халық аспаптар оркестрінің концертін тамашалауға шақырды. Абай облысының мәдени күндері аясында Ғалиасқар Камал атындағы Татар мемлекеттік академиялық театрында Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Нұрлан Төкейдің жетекшілігімен Әміре Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармониясының «Бибігүл» қазақ халық аспаптар оркестрінің мерекелік концерті өтті. Концерттік бағдарлама аясында Латиф Хамиди, Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский және Нұргиса Тілендиев сынды танымал композиторлардың шығармалары орындалды. Оркестр «Абай» операсынан арияларды, сондай-ақ қазақ және татар халқының мәдениетін бейнелейтін халық билері мен композицияларды жұртшылық назарына ұсынды. Көрермендер оркестр-

ден бөлек екі халықтың мәдени бірлігін айшықтайтын «Тұмар» халық би ансамблі бишілерінің өнеріне куә болды.

Мәдени іс-шаралар Татарстандағы Қазан Кремлінің көрме залында «Жидебай-Бөрілі» мәдени-әдеби-мемориалдық музей-қорығы ұйымдастырған «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» атты көрмемен жалғасты. Көрмеге Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұхтар Әуезовтің жеке заттары қойылған.

Ресми делегация Қазақстан Республикасы күніне орай Татарстан Республикасындағы Қазақстан Республикасының Бас консулдығы ұйымдастырған салтанатты қабылдауға қатысты. Облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев, мәслихат төрағасы Қуаныш Сүлейменов және басқа да делегация мүшелері Қазан қаласында қазақтың көрнекті ақыны, хакім Абай ескерткішіне салтанатты түрде гүл шоқтарын қойды.

Қазан қаласындағы жұмыс сапары аясында Абай облысының делегациясы Ресейдегі жетекші технопарктердің бірі Башир Рамеев атындағы IT-саябақта болды және Татарстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасында іскер топтардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Жиында облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев, Татарстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Василь Шайхразиев, Татарстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы одағының төрағасы Шамиль Агеев сөз сөйледі. Дөңгелек үстелде Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Рүстем Ворошилов пен Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев Абай облысының инвестициялық, аграрлық әлеуеті туралы баяндады.

«Абай облысы — тау-кен өнеркәсібі және туристік нысандарымен, соның ішінде Алакөл көлімен әйгілі Қазақстанның ең жас өңірлерінің бірі. Аймақтың транзиттік әлеуеті де күшті. «Аягөз — Тачен» теміржол жобасының болашағы зор. Толық инфрақұрылымы бар «Өндіріс» индустриялық аймағы өнеркәсіптік инвесторларға қолжетімді. Әкімдіктің қолдауымен бизнеске қолайлы жағдай жасалған. Біздің ынтымақтастығымыз екі тарапқа да тиімді болатынына сенімдіміз», — деді Рүстем Ворошилов. Ал Татарстан Республикасының Мемлекеттік кеңесі төрағасының орынбасары Марат Ахметов пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселесі талқыланды. Татарстан Республикасы Мемлекеттік кеңесі төрағасының орынбасары өз сөзінде Абай облысымен байланысты нығайтуға, алыс-берісті арттыруға мүдделі екенін атап өтті.

«Сіздердің өңірдің транзиттік, логистикалық әлеуеті зор. Осы бағыттарда ынтымақтастық орнатқымыз келеді», — деді Марат Ахметов.

Кездесу соңында облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев құрметті қонақтардың кітабына қол қойды.

Тілек ҚАБЫЛ

ҚОҒАМ

12 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

2019 жылы жанданған жобаға былтырға дейін 42,2 млрд теңге бөлінсе, 8 мыңнан аса адам өз кәсібін ашқан. Ал биыл 10,5 млрд теңге қаралып, игерілуде. Жоба тұрғындардың тұрмыстық табысын арттыруға өлшеусіз үлес қосып отырғаны анық. Осы орайда Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов Жамбыл облысына арнайы келіп, жоба тынысымен танысып шықты.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Премьер-Министрдің кеңесшісі адымен Байзақ ауданына ат ізін салып, мал бордақылау алаңы мен автокөлік жуу нысанының жұмысын көрді. Сондай-ақ «Әулие-Ата Феникс» ЖШС-да құс егін экспортқа шығару қарқынын барлады. Ал ең бастысы, Ералы Тоғжанов Меркі ауданындағы «Агросауат» орталығына аялдап, оқу-әдістемелік кешеннің жұмысымен жіті танысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында азаматтарды түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге үйрететін «АМАНАТ» партиясының пилоттық жобасын ерекше атап өткенінен ел хабардар. «Қарыссыз қоғам» жобасының екінші кезеңі ретінде бойына қан жүгірген «Агросауат» орталығы бүгінде өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Енді мұндай орталық еліміздің барлық аудандарында ашылады деп күтілуде. Бұдан бөлек, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу инфрақұрылымын дамытуға қаржы қарастырылады. Бұл өндірістік кооперациялар арқылы жеке шаруашылық өнімдерін сатып алуға, оны қайта өңдеуге және сауда орындарында сатуға мүмкіндік береді.

Агробіліктілік орталығы қазір құлпынай, таңқурай, алма, қант қызылшасын өсіру, сүт және ет бағытындағы ірі қара малды бордақылау, құс және қой шаруашылығын дамыту бойынша оқытуда. Жоба қатысушылары өндірген өнімдерді сату және өңдеу мәселесі де жолға қойылған. Жоба жемісін көрген азаматтың бірі — Бауыржан Арыстанбаев. 55 жастағы тұрғын Меркі ауданының Ақарал ауылында дүниеге келген. Жоба қатысушысы 20 сотық аумақта құлпынай өсіру бойынша қосалқы шаруашылығын бастаған.

— Ең алдымен, «тауарлы несие» түрінде маған 10 мың көшет берілді. Қазірдің өзінде еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Ауыл тұрғындарына жарты тоннаға жуық құлпынай саттым. Жағдайымды едәуір жақсарттым. Қарыздан біртіндеп құтылып келемін. Бұған дейін екі жыл егін шаруашы-

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ЖОБА ЖЕМІСІН БЕРУДЕ



лығымен айналысқанмын. Алайда білім мен тәжірибенің жетіспеушілігінен көп табыс түспеді. Содан «Агросауат» орталығына жүгініп, бүгінде еңбегімнің жемісін жеп отырмын, — дейді Бауыржан Арыстанбаев.

«Агросауат» орталығы нәзік жандыларды да жұмыспен қамтуда. Райхан Бабижанова да жанұясымен құлпынай өсірумен айналысуда. Алғашында 10 сотық жерге еккен құлпынай көшеттерінен шамамен 1,5 тонна өнім алған.

— «Агросауат» атауының өзі көп нәрсені айтып тұр. Мұнда біз қаржылық сауатты арттырамыз. Біз де өз бақшамызда жидек өсіруге тырыстық, бірақ пайдасы аз болды. Несие алдық, бірақ уақытында төлей алмадық. Содан «Агросауатқа» жүгінгенімізде бізге тәжірибелі сарапшылар көмектесті, іс жүзінде құлпынайды егу мен өсіру жолдарын көрсетті. Тауарлық несие

алғашқылардың бірі болып алдық, қазір табысымыз жақсы. Адамдарға қажетті осындай жобаны жандандырған партияға алғыс айтқым келеді. Сіздер ауыл тұрғындарына қаржылық жағынан еркін болуға көмектесіп жатырсыздар. Біз, тіпті құлпынай өсірудің жаңа әдісін — гидропониканы зерттей бастадық. Ауданымызда бос жерлер көп емес. Гидропониканың арқасында жидектерді топырақсыз жасанды ортада өсіруге болады. «Агросауатта» бұл технологияны мұқият зерттеп жатырмыз, — дейді Райхан Бабижанова.

Орталықта келушілерге арналған оқу-әдістемелік құралдар, технологиялық карталар әзірленген. Және оны мамандар халыққа түсінікті тілде жазып шыққан.

— Бұл орталыққа несиесі бар, кепілге қоятын мүлгі жоқ, тіпті 90 күннен асқан берешегі бар азаматтар қосымша табыс

көзін іздеп келеді. Олар «Агросауат» орталығында білім алып, демеушілер есебінен тауарлы несиеге қол жеткізеді. Одан кейін бастаған кәсібіне сүйемелдеу жүргіземіз. Біздің орталық теория мен практиканы ұштастырып оқытады.

ашу және қарыссыз болашаққа сенімділік беру, — дейді «Қарыссыз қоғам» жобасының жетекшісі Ақмарал Бекмұраева.

Орталықта жыл басынан 150 қаржы сарапшысы мен 20 білікті заңгер келушілерге кеңес берсе, бүгінгі күнге дейін 180 мыңнан астам адам кәсіптік біліктілігін арттырып отыр.

Жамбыл облысы әкімдігі Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қайрат Көшеновтің айтуынша, «Ауыл аманаты» жобасының алдағы бағыты мен жоспары жұмыр екен.

— «Ауыл аманаты» жобасына 2019–2023 жылдары 42,2 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржыға 62 ауылдық округтегі 8 028 жоба несиелендірілді. Тарқатып айтсақ, 252 мың бас мал сатып алуға 38,4 млрд теңге несие берілсе, 57 кооператив құрылып, лизинг жүйесі арқылы 533 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алды. Кәсіп ашуға құлықты тұрғындардың 91 жобасы қаржыландырылды. 4 жыл ішінде 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылды.

2024 жылы жобаға 10,5 млрд теңге бөлу қарастырылып, бұл қаржы көлеміне 1 200 өтінімді несиелендіру арқылы 1 672 жұмыс орнын құру жоспарланды. Міне, осылайша жобаның алдағы мақсаты айқын, берері әлі де мол болып тұр, — дейді басқарма басшысы.

Ералы Тоғжанов жобаға қатысқан жамбылдықтардың жемісті жұмысын жоғары бағалап, бірқатар мәселелерді де атап өтті.

— «Ауыл аманаты» жобасының басты мақсаты — ауылды жерлердегі халықтың табысын арттыру.

Бұл күнде жоба аясында жаңа жұмыс орындарының ашылуы 25 пайызға дейін өсіп отыр. Атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтардың қатары 50,4 пайызға төмендеген. Осы ретте бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажет. Әлі де атқаратын жұмыс көп. Шаруалар тек қана мал шаруашылығымен айналыспауы керек. Ауылдықтардың өзге де кәсіппен шұғылдануына жағдай жасалуы тиіс. Оның ішінде жылыжай салып, түрлі көкөністерді өсіруге және құс шаруашылығын дамытуға күш салу қажет, — деді Ералы Тоғжанов.

Міне, осылайша «Ауыл аманаты» жобасы Жамбылда жемісін беруде. Енді жоба тынысы мен жүйесі өзге өңірлерге де үлгі етінде көрсетілмек. Сол сәтте жобаның шарапатын тұтас ел тұрғындары көретіні анық. Ал бұл халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартатыны айқын.

ОҚУЛЫҚ МАЗМҰНЫ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Кітап – білім бұлағы. Оқушы зейінін ашатын да кітап. Талапты оқушының білім деңгейі тікелей оқулықтың сапасына байланысты екені анық. Білім саласындағы өзекті тақырыптардың бірі – мектеп оқулықтарының құрылымы мен мазмұн сапасы. Аталған мәселелер «Алматыкітап баспасы» ұйымдастырған жиында талқыланды. Іс-шара Астанадағы Ы.Алтынсарин атындағы Кітап үйінде ашық диалог түрінде өтті. Басқосуға бірқатар оқулық авторлары қатысып, көпшілікті қызықтырған сауалдарға жауап берді.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Алматыкітап баспасы» мектеп оқулықтарымен қатар, оларды толықтыратын көмекші көркем әдебиеттер, балалар және оқу әдебиеттерін, мектеп алды ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер топтамасын шығарады. Сонымен қатар отандық тұңғыш TopIQ.kz — электрондық оқулықтар платформасының негізін қалаушы саналады. Жиын басында сөз алған «Алматыкітап баспасының» президенті Гауһар Айтжанқызы баспа туралы аз-кем айта отырып кездесудің мақсатына тоқталды.

— Бүгінгі кездесудің мақсаты — баспа туралы ақпарат беру, оқулықтарымыздың авторларымен кездестіру. Баспада 300-ге тарта автор жұмыс істейді. Олар еліміздің бірнеше өңірінен жиылған. Бәрі — педагог-практиктер мен жоғары оқу орындарының ғалымдары. Мысалы, Роман Кадырқұлов — қазақ тілінде «Информатика» оқулығын жазған алғашқы автор. Бұған дейін олар орыс тілінде жазып, содан кейін қазақ тіліне аударған. Қазір оқушылардың 70%-ы сол оқулықтармен оқып жүр. Әсел Ақпаеваның «Математика» оқулығын еліміздегі барлық бастауыш сыныптары оқиды. Осы кездесу барысында өздеріңізді қызықтырған, мазалап жүрген сауалдарыңызды авторларға қойып, жауап ала аласыздар деп ойлаймын, — деді ол.

Оқулық сапасы назар аударар тақырып болғандықтан, сын-ескертпелердің айтылуы заңды. Әсіресе, әр жаңа оқу жылының алдында ата-аналар мен мектеп тарапынан айтылатын пікірлер көбейе түседі. Дәл осындай мәселенің шешімі туралы баспаның вице-президенті, «Әдебиеттік оқу» оқу құралының авторы Асима Дәулетбекқызы айтып берді.

— Балаларға сапалы білім берудің өзекті тақырыпқа айналғаны қашан. Қазір ата-аналардың балаларға ұсынылған оқулықтар сапасына бейжай қарамауы қуантады. Яғни, ата-ана өздеріне жүктелген жауапкершілік жүгін сезініп жатыр. Оқу құралдарына қатысты түрлі сын-ескертпелердің болатынын жокқа шығармаймыз. Әрине, сын түзелмей, мін түзелмейді. Айтылған сын кәсіби маманның көзқарасы емес, басқа сала мамандарынан, яғни ата-ана тарапынан да айтылатынын ескеру керек. Рефлексивті ұстаздар қай кезде де сынға ашық болудың көпшілі. Сондықтан бүгінгі кездесу арқылы белгілілікке оқулықтар мазмұны тек қателіктерден тұрмайтынын түсіндіргіміз келеді. Қазір ХХ ғасыр ұрпағын әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес оқулықтар дайындап жатқанымызды айтқым келеді. Ең бірінші кезекте Қазақстанның білім мазмұны әлемдік білім бастауы мәселесіне сәйкес болуы керек. Мазмұннан шығатын «Менің Қазақстаным», «Мектеп кітапханасы» сериясымен шығатын кітаптың барлығы мұғалім үшін де, ата-ана үшін

де, оқушы үшін де керемет қосымша көмекші құрал бола алады. Қазіргі балаларды «бейнелік қабылдаушылар» деп айтамыз. Визуалды көру арқылы ақпарат қабылдайды. Сондықтан оқулықтардың мазмұнында электронды оқулықтар, QR арқылы түрлі анимациялар, виртуалды лабораториялар, анимациямен шығарылған мультфильмдер, баланы қызықтыратын мүмкіндіктер барынша жасалуы керек. Сонда оқулық қызықты әрі құнды болады, — деді А.Дәулетбекқызы.

Ал мектепке дейінгі білім беруге арналған оқу-әдістемелік кешендер топтамасының және «Сауат ашу» оқулығының авторы Сайра Жиенбаева әлеуметтік желіде кітап сапасына қатысты айтылған сындың көптігіне қарамастан, авторлардың бірлескен еңбегінің нәтижесінде оқушыға түсінікті форматта шығып жатқанын тілге тиек етті. Айтуынша, жыл басында практик-педагогтердің сараптамалық жұмысының нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымға арналған оқу әдісі мен кешендері дайындалды.

— Қазір мектепке дейінгі ұйымның стандарты да, үлгілік бағдарламасы да өзгерді. Олар әлемдік тәжірибелерге сай жасалып жатыр. Осы тұрғыда баспамызда үлестіріме материалдар мен дәптерлер дайындалды. Бұл — балалардың еркін ойлануына, өз бетімен жұмыс істеуіне, шығармашылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар жинағы. Бұл — авторларға

жайлы баспа. Өйткені қолайлы жағдай жасалғанын мойындау керек. Біріншіден, бір оқулық шығару үшін көп ақпарат керек. Қандай жаңа бағыт бар, технология бар, осы баспадан таба аламыз. Екіншіден, сол бағыт бойынша баспада оқыту-семинары жүргізіледі. Баспаның әр маманы әр өңірге барып, ғұламаның өмірі мен ашылмаған тұстарын зерттегеннен кейін ғана оқулықтардың мазмұнын жазуға кіріседі. Үшіншіден, түрлі маманмен отырып жұмыс істейміз. Одан кейін «Алматыкітап» әліппені 6 жастағы балалар үшін жазу керек болды. Сол кезде «Сауат ашудан» жинаған тәжірибемізді А.Байтұрсыновтың әліппесін жалғастыруға үлкен жауапкершілік туды. 6 жастағы баланың психологиясына сәйкес жазу үшін Қазақстан тарихында жазылған бүкіл әліппені жинап, Байтұрсынов жазған әліппені қолға ала отырып, ішіндегі әдемі тұстарын теріп алдық, — деп авторлардың ізденісі туралы айтып, өтп С.Жиенбаева.

Оқулықтарды әзірлеу кезінде заманауи технологиялардың дамуы мен қазіргі балалардың ақпаратты көзбен қабылдайтын ескеру қажет екенін алға тартқан «Алматыкітап баспасының» бастауыш сынып әдіскері, 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының авторы Фарида Лекерова оқулыққа көптеген иллюстрацияның, схемалардың және графикалық модельдің манызы ерекше екенін атап өтті.

1-4 сыныптарға арналған «Математика» оқулығының авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әсел Ақпаева, мысалы, 4-сыныпқа арналған Математика оқулығында TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) — сапаны бағалау жөніндегі халықаралық зерттеу талаптарына жауап беретін функционалдық сауаттылыққа тапсырмалар енгізілгенін атап өтті.

— Тәуелсіздік алғаннан бері бағдарламалар өзгеріп, жаңа оқулықтар шығарылды. Оқулықтарды үнемі жетілдіріп отыру керек. 4-сыныптың оқушысы математика пәнінде өзіне таныс ұғымдармен танысуы керек. Мәселен, кейбір есептерде теңгеден бөлек, доллар, рубль ұғымдары кездеседі, өйткені қазір теңгеге қатысты тиын сөзін қолдана алмаймыз, бала валютаның осындай ерекшеліктері барын сезінуі қажет. Одан кейін, оқулықтағы тапсырмалардың қиын екені айтылады. Бірақ берілген есептің, тапсырманың шешімін оқушының өзі табуы керек. Ата-ана білмеуі мүмкін, өйткені олар баламен бірге сыныпта отырмайды ғой, — деді ол.

Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының вице-президенті, «География» оқулығының авторы Руслан Қаратабанов функционалды сауаттылыққа көшу керек екенін түсіндірді.

«2010 жылғы екі оқулық жаздық: 10-сыныпқа арналған «География» оқу құралы мен 5-сынып үшін «Жаратылыстану» оқулығы. Жаратылыстану функционалды сауаттылықты дамыту, сабақты белсенді түрде игеру қағидаттары мұғалімдерге бейтаныс болған. Сондықтан оның «тағдыры» басқаша кетті. Ал қазіргі оқулықтарға функционалды сауаттылықты енгізуіміз керек. Бұл дегеніміз — оқушыдан тақырыптың мазмұнын сұрау емес, өмірлік жағдайда қолдануды үйрету», — деді Р.Қаратабанов.

Баспа мамандарының айтуынша, оқулықтар мемлекеттік бағдарлама негізінде жасалып, редакциялар мен дизайнға жіберіледі. Артынан ішкі сараптамадан өткен дайын материал Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Білім мазмұнын сараптау орталығына бағыталады. Мемлекеттік сарапшылар 40 күн ішінде оқулыққа қатысты өздерінің сын-ескертпелерін береді. Баспа бір ай төңірегінде қателерді түзетеді. Жиын соңында баспа жұмысымен танысқан қатысушылар мен авторлар арасында ашық диалог орнатылып, белсенді пікір алмасуға жалғасты.

АЙМАҚ

12 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНСЫҢ БА?

«Қыс арбаңды, жаз шанаңды сайла». Расында халық арасындағы осы бір сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Қоңыр күздің маусымы аяқталып, бірер күннен кейін қылышын сүйреп қыс мезгілі кіруге де таяу қалды. «Қамдансаң қапы қалмайсың» демекші, күз айлары – билік өкілдері мен қалың бұқара үшін қысқа дайындықтың қамына кірісетін кезең.


Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Биыл мегаполисте жылыту маусымы мерзімінен бұрын басталды. Басты себеп – орташа тәуліктік температураның төмендеуі. Қазан айының 7-11 күндері аралығында шаһардағы нысандарға кезең-кезенімен жылу берілген еді. Қала әкімдігінің мәліметінше, орталықтан-дырылған жылу жүйесіне, ең біріншіден, әлеуметтік нысандар, соның ішінде балабақшалар, медициналық мекемелер және мектептер, одан кейін тұрғын үйлер, әкімшілік нысандар, білім беру мекемелері, жатақханалар мен қонақүйлер қосылған. Сондай-ақ жылыту маусымына дайындық аясында қаланың алты ауданында 20 шақырым жылу желілері қайта жаңартылып отыр. Осының нәтижесінде, ескі құбырлар үлесі 1,8 пайызға азайған көрінеді. Қала әкімдігі желілерге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сорғы жабдықтары жаңартылғанын айтады. Қысқы маусымға қарсы жалпы саны 69 сорғы стансасы мен 24 резервуар-аккумулятор әзірленген. Сонымен қатар биыл ақауларды жедел жою мақсатында 2024-2025 жылдарға арналған



жылыту маусымы үшін қажетті жабдықтар мен апатты материалдар қоры жасакталған. Бұл дегеніміз – апатты жағдай бола қалған жағдайда қауіптің салдарын алдын алумен 16 апатты және жөндеу бригадалары жұмыс істейді. Олардың құрамында 220 адам мен 56 техника бар. «Алматы жылу

жүйелері» ЖШС өкілі биыл мамандар желілерге гидравикалық сынақтар жүргізілгенін, сонымен қоса сорғы жабдықтары жаңартылғанын атап өтті. Қысқа дайындық барысында атқарылған жұмыстар нәтижесінде жылу желілеріндегі тозу деңгейі біршама төмендеген көрінеді.



Ал Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының өкілдері қысқы маусымға дайындық қарсаңында жана техникалар сатып алу, автопаркті жаңарту жұмыстары жүргізіліп отырғанын мәлімдеді. Барлық маусымдық техниканы қысқы жабдықтармен қайта жабдықтау жұмыстарын қолға ала отырып, «Алматы Тазалық» ШЖҚ үшін 22 арнайы техника сатып алынған. Мамандар жыл соңына дейін тағы 10 бірлік сатып алу жоспарда бар екенін айтады. Онымен қоса, қыста қардың қалың жаууына байланысты қосымша көмек қарастырылған. Қардың қалыңдығы өскен жағдайда құрылыс компаниялары тез арада қар тазалау үшін 150 самосвал мен тиегіш, 1 000-ға жуық жұмысшы бөлмек. – Алматы көшелеріне күн сайын 600-ге жуық техника мен 800 жұмысшы шығады. Түнде 220 техника мен 250 жұмысшы жұмыс істейді. Ұзындығы 2,7 мың шақырым болатын 2 318 көшеде санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, қыста Алматы көшелерін күтіп ұстау үшін 918 бірлік техника бар. Жол мен тротуарды тазалау үшін 1 400 жұмысшы жұмылдырылады. Көктайғаққа

қарсы қажетті материалдар әзірленген, – деді Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы берген мәліметінде. Тағы бір атап өтерлік маңызды жайт, қысқы маусымға дайындық барысында қалада 10 мердігер ұйым өндірістік базаларды, жүргізушілер мен жұмысшыларға арналған демалыс бөлмелерін әзірлеу жұмысын аяқтады. Қосалқы бөлшектер мен жанар-жағармай материалдары сатып алынса, одан өзге қар жинайтын арнайы орындар келісілген. Еске салайық, осыған дейін Алматыда Ақсай пен Қарғалы өзендерінің арналарына тазалау жұмыстары жүргізілген еді. Күзгі-қысқы кезенте дайындық аясында атқарылған жұмыс жауын-шашын қарқыны артып, климат өзгеруіне байланысты туындайтын су тасқыны мен арналардың бітелуі сынды қауіпті алдын алуға бағытталған. Өзен арналарының тазалануы өз кезегінде су қоймаларының экологиялық жағдайын жақсартуға әсер етеді. 6 000 м2 аумақты қамтыған тазалық жұмыстарына экскаваторлар мен жүк көліктерін қоса алғанда, 6 бірлік арнайы техника мен 15 қызметкер жұмылдырылған.

СӘБИДІ ҚҰТҚАРҒАН САРБАЗ

Осыдан екі ай бұрын Атырауда оқыс оқиға болған еді. Анығын айтқанда, Атырау облысына қарасты Индер ауданында кішкентай сәби шұңқырға құлап кетті. Абырой болғанда, сәби аман қалды. Өйткені бүлдіршінге дер кезінде құтқарушылар көмекке келді.

Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

Оқыс оқиға 8 қыркүйек күні түс мезгілінде болған. Екі жастағы бүлдіршін ойнап жүріп, белгісіз жағдайда шұңқырға құлап кеткен. Электр бағанасын орнату үшін қазылған шұңқырдың беті не себепті ашық қалғаны белгісіз. 101 нөміріне дабыл қоңырауы түскен сәтте уақыт созбай Индер аудандық №5 өрт сөндіру бөліміне сол күні жауынгерлік кезекшілікке түскен бөлімше командирі Әмірхан Дәулеткалиев, өрт сөндіруші Бисұлтан Ибраимов, өрт сөндіру көлігінің жүргізушісі Нұрлыбек Саламатов шұғыл көмекке асығады. Жылаған баланың дауысын естіген жүргізуші Нұрлыбек ойланбастан батыл әрекетке кіріседі. Әріптестері Нұрлыбектің аяғынан ұстап тұрады, ол бүлдіршінді шұңқырдан тез шығарып алады. Абырой болғанда, бүлдіршін жарақат алмады. Періштесі қаққан сәби қатты қорқып қалған. Шарасыздықтан әрі-сәрі күйде тұрған анасына Нұрлыбек Саламатов осылайша сәбиді аман-есен табыстады. Оқыс жағдайда уақыт созбай жедел әрекет еткені үшін өрт сөндіру көлігінің жүргізушісі Нұрлыбек Саламатовты Индер ауданы әкімі қабылдап, алғыс айтты.

– Дабыл түскен бойда, жедел әрекет етуге жұмылдық. Дегенмен мені ерлік жасады деп айтып жатқандармен келісе алмаймын. Өйткені біз – қандай жағдайда да елге адал қызмет етеміз деп ант берген сарбаздармыз. Ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау қажеттігі айтылып келе жатса да осындай оқыс оқиғалар азаймай тұр, – дейді Нұрлыбек Саламатов. Индер ауданы №5 өрт сөндіру бөлімінің көлік жүргізушісі, азаматтық қорғау сержанты Нұрлыбек Саламатов – Индербор кентінің тумасы. Орда бұзар отыз жасқа толған Нұрлыбек – төрт баланың әкесі. Ата-анасының батасын алып, қызмет қылып отырған жарымен бірге қара шаңырақта тұрып жатыр.

«Өрт сөндіру саласына қызметке келгеніме 3 жылдай уақыт болды. Бұған дейін турлі салада еңбек еттім. Бірақ құтқарушылардың отбасына – өрт сөндірушілердің саласына келгеніме еш өкінбеймін. Өйткені біздің қызметіміз күн сайын адам өмірін құтқаруға арналады», – дейді Нұрлыбек.

Үлкен қызы небөрі екінші сыныпта оқиды екен. «Арманшыл болып өсіп келе жатқан қызым әзірге мамандық туралы ойланып көрмеді. Бірақ жан-жақты, білімді, ізденіш болып өсіп келеді. Егер қызым немесе ұлдарымның бірі болашақта құтқарушы болуды тандаса, қарсы болмас



едім. Әкелік батамды беруге дайынмын. Бірақ құтқарушы болу – онай міндет емес. Құтқарушылар антына адал болуы керек. Өйткені өз өмірін қатерге тігіп, адамдардың өмірін құтқаратын сарбаздардың аркалап жүрген жүгі ауыр. Бәлкім, балаларыма осы жағынан көбірек айтуым мүмкін», – дейді Нұрлыбек.

Жалпы, құтқарушы болу үшін сарбаздың бойынан қандай қасиеттер табылуы қажет? Біз осы сұрақты Нұрлыбектің өзіне қойдық.

«Ең бірінші, адамға сабырлылық керек. Шыдамдылық, байсалдылық, ержүректілік те құтқарушыны шындайтын қасиеттердің бірі. Шыны керек, қазіргі уақытта менің міндетім – өрт болып жатқан оқиға орнына әріптестерімді шұғыл көлікпен жеткізу. Сол үшін көлігімді үнемі жауынгерлік дайындықта ұстап жүремін. Жеке құрамды жеткізуден бастап, апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін өрт сөндіргіш заттарды беруге дейінгі күрделі қызметтерді атқарамын. Біз мұндай құтқару операцияларын жиі жүргіземіз. Сол үшін әр әрекетімізді секундпен өлшейміз. Өзімді бұл саладан басқа жерде еш елестете алмаймын. Мамандығымды мақтан етемін», – дейді Нұрлыбек.

Өкінішке қарай, мұндай бақытты оқиғалар құтқарушылар өмірінде күнде кездесе бермейді. Мәселен, жыл басынан бері бір ғана Атырау қаласында 9 бала қонақбасты үйдің терезесінен құлап кетті. Оның ішінде екі бала көз жұмды. Ал 5 бала суға кетіп, жан тәсілім етті. Құтқарушылар, өкінішке қарай ата-аналарға балалардың мүрдelerini тапсырды. Қанша жерден айтылып, жазылып, тіпті қайғылы оқиғалар тіркеліп жатса да, Атырау өнірінде балаларға қатысты жазатайым жағдайлар азаймай тұр.

ЖОЛДЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

Жыл сайын Қарағанды облысында қыстың боранында бір ауылдан ауылға ғана емес, қала мен қаланы жалғаған күрежол жабылып, қолайсыздық тудырып жатады. Сарыарқаға да мол қар түсті. Қарағанды–Астана жолы тағы да жабылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Жылдан жылға облыста дәл осындай көрініс байқалады, күн суыта бастаған сайын көктайғақ немесе қардың үйінділерінен қозғалыс қиындап, қауіпті болады. Жол және коммуналдық қызметтердің қысқа дайын болмауы бірнеше сағатқа созылатын көлік кептелісін, жүргізушілер мен жолаушыларды эвакуациялауды тудыруда. Өткен жылдары республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдарда тұрып қалған облыс тұрғындарынан көптеген шағымдар түскен. Бұл жылы жергілікті атқарушы органдар қолайсыз ауа райына алдын ала дайындалуды ұйғарды.

Облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов қыс мезгіліндегі жолдарды күтіп ұстау мәселелеріне арналған жында алдағы қыс мезгілінде облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардың қауіпсіз өтуін және уақытылы тазартылуын қамтамасыз ету үшін 66 мердігер ұйымға тапсырма берілгенін айтты.

– Ұйымдарда 1 200-ге жуық жұмысшы және 1 000-нан астам арнайы техника жұмыс істейді. Ауа райы нашарлаған кезде жүргізушілер мен жолаушылар үшін ең қауіптісі – көктайғақ. Қазіргі уақытта облыста 50 мың тонна мұздан тазартатын материал, құм, тұз және сүзгілер, сондай-ақ 1000 уақытша жол белгілері бар. Облыс бойынша жалпы ұзындығы 241 шақырымды құрайтын 122 қар басқан аумақ бақылауға алынды – деп хабарлады Мақсұт Қожанов.

Сондай-ақ ол жылдан жылға көшіп келе жатқан жобаларға тоқталды.

Облыс бойынша боран мен ауа райының қолайсыздығынан жолда қалып қойған адамдарды жылытуға шамамен 35 пункт дайындалғандығы да белгілі болды. Жүргізушілер мен жергілікті тұрғындар республикалық тасжолдың Қарағандыдан Балқашқа дейінгі бөлігін әуелі сапасыз, кейін бірнеше жылға созылған жөндеу жұмыстарына байланысты «өлім жолы» деп атап кетті.

Мұнда апта сайын дерлік жазатайым оқиға болып, көбіне өліммен аяқталады. Қарағанды–Балқаш тас жолын қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда және шенеуніктің уәдесі бойынша биыл аяқталады деп жоспарлануда. Тағы бір іске асырылып жатқан жоба – Қарағандыдан Қарқаралыға дейін ондаған жылдар бойы жөндеу көрмеген 200



Облыс бойынша боран мен ауа райының қолайсыздығынан жолда қалып қойған адамдарды жылытуға шамамен 35 пункт дайындалғандығы да белгілі болды. Жүргізушілер мен жергілікті тұрғындар республикалық тасжолдың Қарағандыдан Балқашқа дейінгі бөлігін әуелі сапасыз, кейін бірнеше жылға созылған жөндеу жұмыстарына байланысты «өлім жолы» деп атап кетті.

шақырымдық жол бірнеше жылдан бері қалпына келтірілуде. Жоба әлі аяқталмай, келесі жылға көшті. Жолдың жай-күйіне жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ғана емес, 1 422 шақырымды күтіп ұстайтын «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ да жауапты.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұловтың айтуынша, қазірдің өзінде 8 арнайы мекемеде 100 қысқы техника бар және тағы 18 қар тазалайтын

қар ұстайтын қоршаулар орнатылды, – деді Ерлан Жұмағұлов. Өткен жылдары боран салдарынан Қарағандыдан Астанаға немесе Балқашқа баратын жолда көліктер қалып қойып, әуреге салатын. Әсіресе, Қарағанды – Балқаш тасжолының бойында орналасқан Шет ауданында жағдай қиын болды. Жиі болған қарлы боран көлікті тежеп, адамдар далада қалып, аудан әкімі оларды өз күшімен құтқаруға мәжбүр болды.

Әрине, биыл қалай болатыны уақыт еншісінде.

Қыс басталмай жатып, алғашқы үсікте Қарағанды–Теміртау жол айрығында кептеліс болды. Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов бұл учаскенің «Қазавтожол» АҚ балансында екеніне және ауа райының қолайсыздығына байланысты мұнда көліктердің көптеп жиналатынына назар аударды.

– Мәселе – жолдың қар мен мұздан тазартылмағанында, техника жетіспейтін сияқты. Бірақ көліктер бұл аймаққа кіре алмайды. Әкімдік «Қазавтожол» АҚ мен Төтенше жағдайлар департаментіне хат жолдады, – деді Ғалым Әшімов.

Арнайы жиянға қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына, Төтенше жағдайлар департаментіне, сондай-ақ «Қазавтожол» АҚ-ға механизмін, жұмыс кестесі мен кезекшілікті пысықтауды тапсырудан басқа амалы қалмады.

Алда арқаның алты ай қысы бар. Облыстың коммуналдық және жол қызметінің қаншалықты дайын екенін сол уақыт көрсетеді.

12 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ



САЙЫПҚЫРАН САМБОШЫЛАР САЙЫСЫ

Биылғы әлем чемпионатының басты ерекшелігі — әйелдер арасында жауынгерлік самбо мен зағип жандар сайысы бірінші рет енгізіліп жатыр.

Чемпионаттың алтын жүлдегері Беларусь елінен келген Татьяна Мачко бұл шараның маңыздылығына тоқталды.

«Астанадағы әлем чемпионатының ұйымдастыру жоғары деңгейде өтті. Барлығы толық дайындықтан өткен, әркімнің өз міндеті бөлінген. Бізге Қазақстанда үлкен мейірімділік танытты. Не сұрасақ та дұрыс нұсқаулық беріп, ерекше көңіл бөлді. Бүгін міне бес дүркін әлем чемпионы атандым. Әйелдер — мықты халық. Мықтылығымызды біз кілемде көрсетеміз», — дейді ол.

Ұлттық құрамамыздан Нұрила Асанқызы финалда Түрікменстаннан келген қарсыласы Сабина Ағажанованы жеңіп, алтыннан алқа тақты.

«Барша қазақстандықтарға алғыс айтқым келеді. Бізді осынша апта бойы дайындаған бапкерлеріме ерекше алғыс айтамын. Жеке бапкеріме рақмет. Бұл жеңісімді әкем мен анама арнаймын. Жаттығуды жалғастырамыз, тоқтамаймыз. Мен келесі жылы да осындай нәтиже көрсетуге дайынмын.

Егер жарақаттар туралы айтатын болсақ, бәрі жақсы. Бәрі өтеді де кетеді. Оны жарақат деп те айта алмайсың. Мен бүгін қазақтың туын көтеруге міндетті болдым», — деп өз ойымен бөлісті Нұрила жеңістен кейін.

Финалдық белдесулерде қазақстандық спортшылар арасында Серікбай Неғмет (спорттық самбо, 71 келіге дейін), Бакытжан Дүйсембеков (жауынгерлік самбо, 79 келіге дейін), Талғат Жиентаев (жауынгерлік самбо, 98 келіге дейін), сондай-ақ Нұрила Асанқызы (жауынгерлік самбо, әйелдер, 80 аса келі) күресті.

Спортшылардың жүздерінен жинақылық пен табандылықтың көрінісі көрінеді. Әрқайсысы өзінің соңғы жекпе-жегіңдей шайқасты. Барлығы еліміздің қоржынына медаль салуға асықты.



Ал жауынгерлік самбо – самбоньң жауынгерлік және әскери әдістерін біріктіретін түрі. Спорттық самбодан ерекшелігі – қарсыласты жеңуге рұқсат етілген әдістердің көп болуында. Жауынгерлік самбода спорттық самбодан бөлек, тұншықтыру, ауырту, соққы мен тепкі техникасы қолданылады, бұл оны күрес пен бокстың элементтері бар жан-жақты жауынгерлік өнерге айналдырады.



Нұрила АСАНҚЫЗЫ

Турнир барысында төрешілер ешбір даулы мәселені назардан тыс қалдырмай, техника мен ережелердің сақталуын мұқият қадағалады. Белоруссиядан келген төрешілердің өкілі Людмила Красильникова жарыстың қызу өткендігін атап өтті.

— Төрешілер алкасы кем дегенде 20 елден топтасып, төрешілердің саны 40-қа дейін жетеді. Сонымен қатар кілемде қызмет ету үшін қосымша келетін бақылаушылар да бар, — дейді төреші.

Оның сөзінше, олар лақтыру немесе қандай да бір әрекет жасалғанын дәлірек анықтауға жекпе-жектің жазбасы қолданылады. Көру мүмкіндігі ыңғайлы және төреші атап өткендей, төсеніш жетекшісі жазбаны 5-7 секунд кешіктіріп көргенде, әсіресе пайдалы болады. Бұл оған бірден экранға қарап, төрешілердің қателескенін түсінуге мүмкіндік береді.

Финалдық бәсекелер арасындағы шиеленіс тек күшейе түсті. Әрбір жекпе-жекте күтпген нәтижелер тіркелді. Өйткені барлық самбошы өз мүмкіндіктерінен жоғары деңгейде өте тартысты өнер көрсетті.

Жалпы, қорытынды жүлде есебінде Қазақстан құрамасы 2-орынға тұрақтады.

1-орын. Ресей — 16 алтын, 5 күміс, 5 қола
2-орын. Қазақстан — 3 алтын, 5 күміс, 9 қола
3-орын. Беларусь — 3 алтын, 2 күміс, 4 қола

Бұған дейін спортшыларымыз жалпы есепте ең жоғарғы 2-орынды 2014 жылы Жапонияда өткен әлем чемпионатында тіркеген.

«Қазақстан жерінде екінші мәрте ұйымдастырылып жатқан әлем чемпионатын абыроймен аяқтап, жалпы есепте екінші орынды алдық. Қолдау танытқан, оқу-жаттығу жиынын өткізуге көмектескен жандарға алғысым шексіз. Жүйелі түрде дайындалдық. Міне, енді соның жемісін көріп жатырмыз. Жеңісті күндерде жолыққанша!», — деді самбодан Ұлттық құраманың бас бапкері Біржан Имаханов.



ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ – ШӘМШІ ӘНДЕРІ

Астанада «Менің Қазақстаным» атты Шәмші Қалдаяқов әндерінің халықаралық фестивалі өтеді. Қазақстанның халық әртісі, ұлы композитордың шығармашылығын кеңінен танытуға бағытталған мәдени шара еліміздің және шетелдік өнер иелерінің басын қоса отырып, дарынды жастарды қолдауға арналған алаң болмақ.

Фестивальдің мақсаты — мәдениетаралық және конфессияаралық ынтымақтастықты нығайту, түрлі елден келген қатысушылар арасында тәжірибе алмасу үшін қолайлы орта қалыптастыру. Іс-шараны Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі қолдауымен Роза Бағланова атындағы «Қазақ-концерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы ұйымдастырады.

Фестивальге Әзербайжан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ильхам Назаров, Кыргыз Республикасының еңбек сіңірген әртісі Айзирек Момунова, Алишер Навои атындағы мемлекеттік академиялық Үлкен опера және балет театрының солисі Носир Юсупов, Әзербайжан мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі Аташ Гараев, сондай-ақ Т.Шевченко атындағы Украина Ұлттық опера және балет театрының солисі Ксения Бахритдинова-Кравчук және Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрының жетекші солисі Тайыр Тәжі секілді өнер иелері қатысады. Көрермен тек жеке орындаулар ғана емес, Қазақконцерттің Astana Musical театры, G-band, «Астана сазы» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі және Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрімен бірге ұтымды коллаборацияларды тамашалай алады.

Концерттік бағдарламада қазақ руханиятының ажырамас бөлігіне айналған қазақ вальсінің королі, ұлы композитор Шәмші Қалдаяқовтың мәңгі өлмес туындылары шырақалады. Жана өңдеулер мен талантты музыканттардың шеберлігі арқылы сазгердің ұлттық болмысымызды айшықтайтын, жаныңызға жақын шығармалары жана бояулармен өрленіп, тыңдармандарға ерекше қырынан танылмақ.

АСТАНАДА МАРАФОНШЫЛАР ҚАТАРЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Астанада ауа райы қолайсыз болса да, қала тұрғындары Ботаникалық саябақта жүгіріп, 4 шақырым қашықтықты бағындырды. Далада қарлы жел соғып тұрғанына қарамастан, бұл жолы 1000-нан аса әуесқой жүгіруші жиналды.

— Бұқаралық жүгіру іс-шарасы — қала тұрғындарын ең көп жинайтын спорттың бірі. Сәуірден бері тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан жүгірістерге уақыт өткен сайын қатысушылар қатары арта түсуде. Осы спорттық іс-шара — соның айқын дәлелі. Қандай мезгіл болмасын, спорттық жүгірістерді тоқтатпаймыз. 16 қараша күні «Отбасылық марафон» ұйымдастырылса, 21 қарашада түнгі жүгіріс жоспарланған. Желтоқсан айында да тұрғындарды бірнеше ірі жарыстар күтіп тұр. Нақтырақ айтатын болсақ, 8 желтоқсан күні Триатлон саябағында Astana Run, желтоқсан айының ортасында жыл сайынғы Qysyqjugitu жарысы және 31 желтоқсан күні Ботаникалық саябақта жана жылдық кешкі мерекелік бұқаралық жүгіру өтеді. Жүгіруге деген қызығушылықтың арқасында іс-шаралардың саны да артып жатыр, — деді жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин.

Жүгіріске жиналған қатысушылардың жасы ең кішісі 11-де болса, ең үлкені — 65 жаста. Әуесқой жүгірушілер тек 4 шақырымды еңсеріп қана қоймай, арнайы естелік медаль алды. Іс-шара соңында iPhone 15 Pro смартфон мен 5 велосипед лотерея арқылы ойнатылды.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың

бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Алға Алпысбайұлы –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4520

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,